

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

ЮНЕСКО 70 жылдығына,
ЮНЕСКО медиа және ақпараттық сауаттылықтың жаһандық
апталығы, БҰҰ 2015 жылдан кейінгі даму мақсатында жаһандық кеңес
беру үдерісі аясында

«МЕДИА ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ:
МАҚСАТ НЕМЕСЕ ҚОҒАМНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҚҰРАЛЫ?»
III Журналистика және коммуникация
Халықаралық Жазғы мектебінің
МАТЕРИАЛДАРЫ

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ыстықкөлдегі Спорт-сауықтыру кеінені,
Қырғызстан, Бөзтері ауылы, 9 -12 шілде 2015 ж.*

MATERIALS

III International Summer School
in Journalism and Communication
"MEDIA AND INFORMATION LITERACY:
GOAL OR TOOL
FOR SUSTAINABLE DEVELOPMENT?"
in the framework of the 70-th anniversary of UNESCO, as well as
Global Week on Media and Information Literacy (MIL) and global
consultations for the UN Sustainable

*Development Goals after 2015 Sport and Health Camp of KazNU after
Al-Farabi in Issyk-Kul Lake, Bosteri, Kyrgyzstan
July 9 – 12 July, 2015.*

МАТЕРИАЛЫ

III Международной Летней Школы
по журналистике и коммуникации
«МЕДИА И ИНФОРМАЦИОННАЯ ГРАМОТНОСТЬ
НАСЕЛЕНИЯ: ЦЕЛЬ ИЛИ ИНСТРУМЕНТ УСТОЙЧИВОГО
РАЗВИТИЯ ОБЩЕСТВА?»
посвященная 70-летию ЮНЕСКО и к празднованию глобальной недели
медийной и информационной грамотности ЮНЕСКО, процессу глобальных
консультаций в целях развития ООН после 2015 года

*Спортивно-оздоровительный лагерь КазНУ им. аль-Фараби
на озере Иссык-Куль, с. Бостери, Кыргызстан, 9 – 12 июля 2015 г.*



Әлімжанова А.Б.,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Журналистика факультетінің аға
оқытушысы

ҒАЛАМТОРДА ЖҰМЫС ІСТЕУДІҢ ҚАҒИДАЛАРЫ

WWW өзіне тән бірқатар ерекше қасиеттерге ие, олардың арасынан келесілерін бөліп алуға болады.

Айшықтық. Желі – Ғаламторға шыға алатын кез келген адам қолжетімділік ала алатын ашық жүйе. Ақпараттық ресурстарға телефон желісі мен спутниктік арна арқылы да, кабелді телевидениенің желісі арқылы да қол жеткізуге болады.

Орталықсздандыру. Ғаламтор желінің дамуын бақылайтын, орталықтанған ұйымдастырушылық құрылымының жоқтығымен ерекшеленеді. Желідегі ақпараттың мазмұнын немесе пайдаланушылардың қосылуын қадағалаушы ешқандай ұйым жоқ. Ғаламдық тор желіні пайдаланушылардың талаптары мен ұсыныстарына сай және айтарлықтай тәуелсіз түрде дамуда. Дәл осы жағдай WWW-да цензураның болмауы мен ақпараттың сыбыстар сияқты еркін түрде таралуының шарты болды.

Қолжетімділік пен географиялық тәуелсіздік. Ғаламтордың ақпараттық ресурстары тәулігіне 24 сағат, жылын 365 күн және әлемнің кез келген нүктесінде қолжетімді. Сонымен қоса пайдаланушының өзінің сұранысына толықтай жауап бере алатын ақпарат көзін таңдай алатындай мүмкіндігі бар.

Оперативтілік. Желінің мүмкіндіктері ақпаратты Ғаламторда жылдам орналастырып, жаңалауға жол ашады. Желілік БАҚ-тар оқиға орын алғаннан кейін бірнеше минуттан кейін-ақ

ол туралы толыққанды ақпарат бере алады. Одан басқа электронды пошта немесе Ғаламтордың өзге қызметтері арқылы бірнеше минут пен секундтар аралығында кез келген ақпаратты шектеусіз қашықтыққа жолдауға болады.

Ыңғайлылық. Ғаламтор пайдаланушыға кез келген форматтағы өзіне қажетті ақпаратты ыңғайлы уақытында, ыңғайлы режимде, өз еңбегін желіде барынша жекелеу мүмкіндігімен ала алады.

Өлшемділік. Желідегі барлық дерлік ақпарат есеп пен сандық сараптамаға түседі. Интернет-технологиялар аудиторияның құрамы мен мінезін бақылауға және олардың сұранысына дереу қимылдауға мүмкіндік береді. Сайттың иесіне желілік ресурсқа канша адам қай уақытта кіргені мен оларды қандай ақпарат қызықтырып, қандай парақтарда болғаны жайында ақпарат автоматты түрде келіп тұрады. Аудитория туралы нақты мәлімет коммуникацияны барынша нәтижелі етуге көмек береді.

Жекелеп келу. Ғаламтордың маңызды срекшелігі – әрбір пайдаланушымен жеке байланысу мүмкіндігінің бары. Ғаламтор әрбір пайдаланушының жеке ерекшелігі мен мінезін ескерудің керемет мүмкіндігін береді. Ақпараттық хабарламаны соңғы пайдаланушыға жеткізу үдерісінде, оның географиялық немесе әлеуметтік ерекшелігін ескеруге болады, оның таңдауына байланысты белгілі бір шрифттік немесе түстік сәндеуді пайдалануға мүмкіндік береді. Ұқсас технологиялар веб-сервердің пайдаланушыларына түрлі жарнаманы көрсетуге пайдалана алады.

Интерактивтілік. Ғаламтордағы коммуникация интерактивті, бұл тараптардың өзара белсенді қатынасына мүмкіндік беруді қарастырады. Диалогтілік WWW-дің технологиясына орнатылған, бұл журналистиканы бір жақты коммуникациядан бас тартыазады. Ғаламтор өзге коммуникация құралдарында жетіспейтін нәтижелі, кері байланысты, аудиториямен диалогты қамтамасыз етеді. Интерактивті сипат, сұхбаттасып отырған адамның жауабын алуда уақытты айтарлықтай үнемдейді.

Гипермәтіндік табиғаты – Ғаламтордың негізі мен оның бірегей қасиеті. Ғаламтордағы ақпараттың көлемі өзара сілтемелермен байланысқан. Гипермәтінділік пайдаланушыға үлкен көлемдегі ақпаратта тізбексіз бағдар мүмкіндігін береді.

Гипермәтіндік технологияның ерекшелігі оның адам қатысып отырғандағы ақпаратты өңдеудегі бағдары: пайдаланушы өз мүмкіндігін ескере отырып, материалдың жасалуы мен игерілуіне өз жолын анықтайды.

Мультимедиа – бұл веб-парақшада барлық қосылған – мәтіндік, графикалық, бейне ақпарат түрлерін пайдалану мүмкіндігі. Осылайша, компьютерлік ортада жатқан гипермәтіндік байланыс арқылы мультимедиалық телевидениенің (динамикалық бейнелер), радионың (аудио) және баспасөздің (мәтіндер, суреттер) бейнелеу құралдарын бір веб-парақшада алып жүруге мүмкіндік береді.

Көлемнің қатып қалмайтындығы. Баспа немесе эфирге қарағанда электронды коммуникативтік орта шектелмеген деп айтуға болады. Бұл жерде эфирлеу уақыты аясымен немесе таңбалық белгілер санымен шектелмейтін қанша ақпарат болса да орналастыруға болады.

Арзан болуы. Желілік басылымдар өндіру мен қолдауда баспадан шығатындарға қарағанда әлдеқайда арзан. Оларды жасаудың арзандығы, өндеудің жеңілдігі, сондай-ақ ақпаратты тираждаудың шексіздігі ерекшелендіреді.

Ғаламтор қызметтерін шебер пайдаланған жағдайда журналисттің алдынан мол мүмкіндіктер ашылады, нақты айтқанда:

– географиясы мен орналасқан орнына байланысты болмай-ақ ғаламтордағы шексіз ресурстарға – электронды кітапханаларға, сөздіктерге, энциклопедияларға, статистикалық мәліметтерге, мекен-жайларға, мәліметтердің желілік қорына, архивтарға және т.б. қолжетімділік;

– іздеу машиналары арқылы қолжетімділіктің жылдамдығы – қажетті ақпаратты іздеуге бірнеше минут қана қажет. Сұраныс неғұрлым дұрыс қалыптастырылса, керекті құжаттарды іздеу де соғұрлым нәтижелі болады. Іздеу қуаттылығы бірінші кезекте, өз қызметін мәліметті ұзақ уақыт жинау керек болатын желіге дейінгі кезеңде бастағандар қатты бағалайды.

Ғаламторда журналистке келесідей ақпарат қолжетімді:

- фактілер;
- комментарийлер;
- сараптама;
- анықтамалық ақпарат;

- көрнекілік;
- бейне және аудио ақпарат.

БАҚ-тар үшін мұндай ақпараттың көзі ретінде желіде ұсынылған, ресми мекемелердің құжаттары, түрлі ұйымдар ұсынған мәліметтер, ғылыми, тақырыптық, публицистикалық әдебиет, сараптамалық қызмет нәтижелері, конференциялардың, чаттардың, форумдардың, дөнгелек үстелдердің және өзге де интерактивті формалар бола алады. Ең алдымен журналист Ғаламтордан керек ақпаратты таба білуі керек. Ол үшін ғаламторда жұмыс істеу мен іздеу қағидаларын білу қажет.

Пайдаланушы мен Ғаламтор ресурстарының өзара қатынасы арнайы бағдарламалар – браузерлердің көмегімен жүзеге асады.

Веб-білім беруші немесе *браузер* (ағыл. *Browse* – парактау, қарау) – бұл пайдаланушыға бағдарлау мүмкіндігі мен веб-ресурсты қарауға, сондай-ақ файлдарды жазып алуды ұсынатын пайдаланушы-бағдарлама. WWW пайда болғалы бері браузерлер үнемі дамып, жаңалары пайда болды және бары жетілдірілді. Графикалық интерфейсі бар алғаш таралған браузер Mosaic болатын, одан кейін нарықты ұзақ уақыт бойы Netscape Navigator монополияда ұстады. Алайда 1995 жылы нәтижесінде Netscape Navigator-ды ығыстырып, нарықта 95 % иеленген, орнату жиынтығына Internet Explorer 3.0 веб-білім берушіні қосатын Windows 95 операциялық жүйе шығарылды. Бірақ, нарықтан кетіп бара жатып Netscape, MPL (Mozilla Public License) еркін лицензиясымен өзінің қорытынды браузерін шығарды, оның негізінде Mozilla және Mozilla Firefox жана браузерлері пайда болды. Қазіргі уақытта барлық дерлік танымал веб-браузерлер тегін немесе өзге қосымшалармен бірге «жиынтық» ретінде таралады. Ғаламторды пайдаланушылардың көпшілігі бүгінде Internet Explorer браузерін тандайды. Мұндай танымалдылық оның Windows операциялық жүйесінің жеткізу жиынтығына кіретіндігіне және компьютерге өздігінше орнатылатындығымен түсіндіруге болады. Алайда Internet Explorer жалғыз ғана Ғаламторлық браузер емес. Одан басқа шамамен оған ұқсас 40 бағдарламалық өнім бар, олардың кейбірі сипаты жағынан Internet Explorer-ден асып түседі. Internet Explorer-мен бәсекеге түсе алатын браузерлер ретінде Mozilla Firefox, Opera, SeaMonkey, Netscape-ді атауға болады.

БАҚ жүйесіндегі желілік басылымдарды зерртей отырып, зерттеушілер, оларды ақпарат таратушы дәстүрлі арналардан айырмашылығы, гипермәтінділік, интерактивтілік және мультимедиялық сияқты бірегей қасиеттер болып келеді деген шешімге келді.

Мультимедиялық дегеніміз хабарламаны түрлі белгі жүйелерінде – вербалды, графикалық, дыбыстық, фото, бейнелі түрде бере алу мүмкіндігін білдіреді. Мультимедия терминінің өзі ХХ ғасырдың 90-шы жылдары пайда болған және барлық ақпаратты беруші арналарды – мерзімдік баспаны, радио хабарламаны, ТВ мен Ғаламторды бір бүтін дүниеге бірігуін қарастырған болатын. Ғаламторлық БАҚ-қа байланысты мультимедиялық – ол мәтінді, графиканы, дыбыс пен бейнені материалда пайдалану мүмкіндігі. Қазіргі кезеңде желілік БАҚ-тардың бұл қасиет толықтай пайдаланылмайды. Бұған Ресейдегі Ғаламтор инфрақұрылымының дамымағандығы мен мәліметтерді жылдам жеткізу арналарының жоқтығы бөгет болуда.

Гипермәтінділік бөлек құжаттар арасындағы байланыс жүйесін гиперсілтемелер арқылы қарастырады. Гипермәтіндік режимде орындалған түрлі дереккөздерге сілтеме, редакцияларға ақпараттың толықтығы мен нақтылығын арттыратын, ол оқушыларға – альтернативті дереккөздерді пайдаланып, фактілерді интерпритациялауға өзінше қатысудың бірегей мүмкіндігін береді. Гиперсілтемелерді ішкі және сыртқы деп бөлуге болады:

– Ішкі гиперсілтемелер бір сайттың аясындағы жаңалықтарға жолдайды (архивке, авторларға, санның өзге де материалдарына);

– Сыртқы гиперсілтемелер – бұл сайттан тыс ақпарат көздеріне сілтеме (өзге БАҚ, энциклопедияларға, тақырыптық сайттарға).

Интерактивтілік – бұл тұтынушымен жан жақты ақпараттық алмасу. Интерактивтілікті Интернет-медианың ғана қасиеті деу қате, ол дәстүрлі БАҚ-тарда да бар – ол редакцияға хат жолдау мен қоңырау шалу. Ғаламторлық БАҚ-тарға тән негізгі интерактивтілік дегеніміз, екі жақты тілдесу бір ортада өтетіндігі, ал баспалы БАҚ-тарда интерактивтілік пошта арқылы, ал ТВ-да телефон арқылы жүзеге асады. Желілік БАҚ-

гардың интерактивтілігі редакцияға дәстүрлі хат жолдаумен шектелмейді, ол пайдаланушыға нақты уақытта мазмұнды құрауға қатысуға, оқырманмен бірге өзекті сұрақтарды талқылауға және сюжетті жамытудың бағыттарын түзетуге мүмкіндік береді. Осылайша, оқырман қосымша авторға, шығармашылық коммуникация үдерісінің толыққанды қатысушысына айналады. Желілік интерактивтілікте үш аспект бөлініп қарастырылады: «адамдар мен құжаттар» (пайдаланушыға ақпаратқа тапсырысты қалыптастыру мен жүзеге асыру мүмкіндігі ұсынылады), «адамдар мен технологиялар» (ақпараттық технологияның пайдаланушы үшін ыңғайлы болуы) және «адамдар мен адамдар» (екі жақты байланыстың заманауи технологияларын пайдалану). Ғаламтордың интерактивті қасиеті БАҚ редакциясына өз аудиториясымен екі жақты тілдесуге мүмкіндік береді. Коммуникацияға қатысушылардың іс-қимылының бағытталған көзқарасы бойынша интерактивтіліктің бірнеше деңгейі бар:

- бірінен – біреуіне (ен нақты мысал – өз ойыңмен бөлісуге немесе қосымша ақпарат алу үшін журналистке электронды пошта арқылы хат жолдау);

- біреуден – көпшілігіне (мысалы, тарату парағын пайдалана отырып, электронды хабарламаларды тарату);

- көпшіліктен – біреуіне (мысалы, онлайн конференция кезінде нақты тұлғаға сұрақ қою мүмкіндігі);

- көпшіліктен – көпшілікке (мысалы, пайдаланушыларға ойымен бөлісуге мүмкіндік беретін хабарламалық тактаны, веб-сайттардағы форумдарды пайдалану. Бұл қосымша негізгі материалға толықтауды қамтамасыз ете алады). Оның үстіне тілдесу синхронды сипатта бола алады (нақты уақыт режимінде). Желілік БАҚ-та қолданылатын интерактивтілік формалары:

- e-mail;

- форум, қонақ кітапшасы;

- дауыс беру, рейтингтер, сауалнамалар;

- чаттар, ICQ;

- он-лайн сұхбат, конференциялар.

Бұдан басқа, Ғаламторлық БАҚ-тарда келесідей ерекшеліктер бар.

Оперативтілік. Желі жаңалықтарды, олардың келуіне байланысты бірден жариялау мүмкіндігін береді. Алайда Ғаламторлық басылымдардың бұл қасиетінің мүмкіндігі қазіргі уақытта асыра айтылады. Желілік басылымдардың оперативтілік өткір дағдарыс, оқыс оқиғалар, маңызды оқиғалар кезінде, яғни жылына екі-үш рет қажетті болады.

Басылымдарды жариялау көлемінің шексіздігі. Басылымды БАҚ басылым көлемі жағынан шектелген болса, теле бағдарлама уақытпен, сайтта мәтіндік және графикалық материалдарды шексіз көлемде жариялауға болады. Бұл жарияланған жаңалықтар көлемімен қоса, арнайы аудиторияны қамтуға да мүмкіндік береді.

Архивтердің мүмкіндігі. Архивтер жаңалықтар сайтын әсіресе нәтижелі болып келеді. Архив кеңейген сайын, ол өте пайдалы ресурсқа қалыптасады.

Қолжетімділік. Желілік басылымды әлемнің кез келген нүктесінен оқуға болады, ол үшін Ғаламторға қолжетімділігі бағам компьютер ғана қажет.

Шексіз географиялық қамту. Желілік БАҚ-тар үшін аймақтық шегара болмайды. Тамбовтық газетті кез келген елдің тұрғыны көре алады. Шектеуді тек тілдік айырмашылық қана қоя алады.

Ақпаратты қайта пайдалану мүмкіндігі. Телевизиялық немесе радио хабарламаларды арнайы жазбасыз қайта көру немесе тыңдау мүмкін емес, ал желілік басылымдардың мәтінін баспалық БАҚ-тар баспаларына сияқты әркім кез келген уақытта қарай алады.

Бағасының төмендігі. Желілік БАҚ-ты жасау мен қолдап тұрудың өзіндік бағасы Интернет-медиа нарығына жеңіл кіруге мүмкіндік береді.

МАЗМҰНЫ

<i>Кәпқызы Е.</i> ҚАЗАҚСТАН ЖУРНАЛИСТЕРІНІҢ КӘСІБИ ЭТИКАЛЫҚ КОДЕКСІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНДАҒЫ ЭТИКАНЫҢ КЕЙБІР КӨРІНІСТЕРІ	3
<i>Султаналиева А.С.</i> ЗНАНИЕ СПЕЦИФИКИ ЖАНРА, ЯЗЫКА И СТИЛЯ ИНТЕРНЕТ-ЖУРНАЛИСТИКИ-ОСНОВА МЕДИАГРАМОТНОСТИ ЖУРНАЛИСТА	12
<i>Оразов А.</i> НЕТИКЕТ – ЖЕЛІ ӘДЕБІ.....	21
<i>Сұлтанбаева Г.С.</i> МЕДИАТЕХНОЛОГИЯЛАР – БҰҚАРАЛЫҚ КҰРАЛ РЕТІНДЕ	23
<i>Барлыбаева С.Х.</i> ТВ ОБРАЗОВАНИЕ В КАЗНУ ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ 41	
<i>Нургожигина Ш.И. Дудинова Е. И., Мухамадиева Л.И.</i> СОВРЕМЕННЫЕ ФОРМАТЫ ОРГАНИЗАЦИИ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ СТУДЕНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ.....	48
<i>Рожков А.В.</i> ФОРМИРОВАНИЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ ЖУРНАЛИСТОВ В РАМКАХ КОМПЕТЕНЦИЙ ДИСЦИПЛИНЫ «МЕДИАБИЗНЕС И МЕДИАИНДУСТРИЯ»	55
<i>Альжанова А.Б.</i> СПЕЦИФИКА КОНТЕНТА КОНВЕРГЕНТНОЙ ЖУРНАЛИСТИКИ	62
<i>G. Mukanova, A. Moldabekov.</i> METHODS OF TRAINING OF JOURNALISTS: NATIONAL AND CULTURAL VALUES IN THE CONDITIONS OF GLOBALIZATION.....	65
<i>Әлімжанова А.Б.</i> ҒАЛАМТОРДА ЖҰМЫС ІСТЕУДІҢ ҚАҒИДАЛАРЫ.....	71
<i>Қабылғазина К.</i> РАДИОСТАНЦИЯЛАР САЙТТАРЫНЫҢ ҒАЛАМТОРДАҒЫ ТИПОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ	78
<i>Medelbek R.</i> MAIN ASPECTS OF JOURNALISM.....	83
<i>Ложникова О.П.</i> РЕРАЙТИНГ И ОСНОВЫ МЕДИАГРАМОТНОСТИ.....	86
<i>Нарсеитова Ф. С.</i> ОҚЫТУ МЕН ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕГІ АКТ – ЭЛЕКТРОНДЫ САУАТТЫЛЫҚ КҰРАЛЫ.....	96

Ғылыми басылым

**«МЕДИА ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ:
МАКСАТ НЕМЕСЕ ҚОҒАМНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҚҰРАЛЫ?»
III Журналистика және коммуникация
Халықаралық Жазғы мектебінің
МАТЕРИАЛДАРЫ**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ыстықкөлдегі Спорт-сауықтыру кешені
Қырғызстан, Бөзтері ауылы, 9-12 шілде 2015 ж.*

ИБ №8379

Басуға 08.07.2015 жылы қол қойылды. Формат 60x84 ¹/₁₆.

Көлемі 6,8 б. т. Тапсырыс №1782. Таралымы 80 дана.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.

Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.